

Математика Оңай

2-сынып

жаттықтыру дәптері

Құрметті ата-ана!

"Математика оңай" кітабы бастауыш оқушыларына арналып жасалған. 2 сынып оқушылары меңгеруі тиіс тақырыптар:


- ✓ кері есептер құрастыру;
- ✓ жүздіктерді қосу мен азайтуды;
- ✓ көбейту кестесі
- ✓ екі таңбалы сандарды қосу, азайтуды;
- ✓ өрнектерді пайдаланып есеп құрастыру;
- ✓ геометриялық фигураларды ажыратуды , тік төртбұрыш, төртбұрыш, шаршы;
- ✓ шамалар мен ұзындық бірліктерін.

Осы тақырыптарды балаңыз жетік меңгере алуы үшін "Математика Оңай" жұмыс дәптерінде әртүрлі есептер жинақтары берілген. Балаңыздың қызығушылығын тез жоғалтып алмау үшін, күніне 30 минут қана жұмыс жасауы тиіс.



1.Жүздік, ондық, бірлік

Екі таңбалы сандарды ондық және бірлік арқылы оқып үйренеміз



Барлығы 29 шар, оның 20-сы толық ондыққа кіреді, 9-ы бірлік

Мысал:

Онд.	Бірл.	
2	9	=29
4	1	=41
6	9	=...
8	5	=...
9	0	=...

Кестеге мұқият қара:

Жүздіктер	Ондықтар	Бірліктер	Санды оқу	Санды жазу
	3	4	отыз төрт	34
	5	8	елу сегіз	58
	6	7	алпыс жеті	67
	9	2	тоқсан екі	92
1	0	0	жүз	100

1.Разрядтарға бөліп жаз

- 96= онд. бірл.
- 53= онд. бірл.
- 45= онд. бірл.
- 33= онд. бірл.
- 15= онд. бірл.
- 18= онд. бірл.
- 63= онд. бірл.

- 47= онд. бірл.
- 25= онд. бірл.
- 19= онд. бірл.
- 85= онд. бірл.
- 76= онд. бірл.
- 13= онд. бірл.
- 90= онд. бірл.

2. Разряд қосылғыштар.

100+300= жүздік+ жүздік= жүздік
100+100= жүздік+ жүздік= жүздік
400+500= жүздік+ жүздік= жүздік
200+300= жүздік+ жүздік= жүздік
100+400= жүздік+ жүздік= жүздік
500+200= жүздік+ жүздік= жүздік
600+100= жүздік+ жүздік= жүздік

3.Разряд қосылғыштарды үлгідегідей талда

137= + + = жүздік+ ондық+ бірлік
642= + + = жүздік+ ондық+ бірлік
662= + + = жүздік+ ондық+ бірлік
223= + + = жүздік+ ондық+ бірлік
875= + + = жүздік+ ондық+ бірлік
412= + + = жүздік+ ондық+ бірлік
567= + + = жүздік+ ондық+ бірлік
124= + + = жүздік+ ондық+ бірлік
735= + + = жүздік+ ондық+ бірлік
397= + + = жүздік+ ондық+ бірлік
967= + + = жүздік+ ондық+ бірлік
389= + + = жүздік+ ондық+ бірлік
115= + + = жүздік+ ондық+ бірлік
109= + + = жүздік+ ондық+ бірлік

Мәтін есептерді шығару жолдары.

Қосындыны табуға берілген есеп

Аулада 4 қайың және 6 шырша өсіп тұр. Аулада барлығы неше ағаш өсіп тұр?



Қайың – 4
Шырша – 6 $>$? а.

Шешуі: $4 + 6 = 10$ (а.)
Жауабы: 10 ағаш.

Бірінші қосылғышты табуға берілген есеп

Қаламсауытта барлығы 9 қалам мен қарындаштар бар. Егер қаламдар 3-еу болса, онда қаламсауытта неше қарындаш бар?



Қалам – 3
Қарындаш – ? $>$ 9



Шешуі: $9 - 3 = 6$ (қ.)
Жауабы: 6 қарындаш.

Екінші қосылғышты табуға берілген есеп

Асханаға 30 кг жеміс әкелінді. Оның 20 килограммы – таңқурай, қалғандары – құлпынай. Асханаға неше килограмм құлпынай әкелінді?



Таңқурай – 20 кг
Құлпынай – ? кг $>$ 30 кг



Шешуі: $30 - 20 = 10$ (кг)
Жауабы: 10 кг құлпынай.

Осы схемаларды қолданып төмендегі есептерді шығар

1. Шабындықта 4 қой мен 3 ешкі жайылып жүрді. Шабындықта қанша жануар жайылып жүрді?
2. 2 қызыл және 3 көк шар үрленді. Қанша шар үрленді?
3. 2 терекқұлақ өсті, сосын олардың жанына 3 шыбынжұт өсіп шықты. Сонда қанша саңыруқұлақ өсіп шықты?
4. Сәнияға 3 қуыршақ, Серікке 4 машина сатып алды. Балаларға барлығы қанша ойыншық сатып алынды?
5. Үстелдің үстінде 4 қызыл және 5 сары алма жатты. Үстелдің үстінде қанша алма жатты?
6. Ең басында гүлбағында 7 түймедақ, ал сонан соң тағы 3-уі өсіп шықты. Гүлбағында қанша түймедақ бар?
7. Карина 4 жасыл және 5 ақ моншақтан алқа жасап алды. Алқада қанша моншақ болды?
8. Досымжан гербарий жасауға 3 қайың және 6 терек жапырағын жинап алды. Досымжан қанша жапырақ жинады?
9. Бақшада қара қарақаттың 4 бұтасы және қызыл қарақаттың 6 бұтасы өсті. Бақшада қарақаттың қанша бұтасы өсті?
10. Көк сауытта 7 жаңғақ, ал сарыда 5 жаңғақ бар. Екі сауытта барлығы қанша жаңғақ бар?
11. Шырша астында 4 кірпі жүрді. Оларға тағы біреуі келіп қосылды. Сонда қанша кірпі болды?

- 12. Анам 7 қызыл және 3 жасыл алма сатып алды. Анам барлығы қанша алма сатып алды?**
- 13. Бұтақта 6 сарышымшық отырды, оларға тағы 3-уі ұшып келді. Сонда қанша сарышымшық болды?**
- 14. Мектеп бақшасына 8 бұта қара және 7 бұта қызыл қарақат отырғызылды. Барлығы қанша бұта қарақат отырғызылды?**
- 15. Сәкен 5 тор көзді және 4 кең жол дәптер сатып алды. Сәкен барлығы қанша дәптер сатып алды?**
- 16. Шабындықта 5 сиыр мен 4 ешкі жайылып жүрді. Жайылымда барлығы қанша жануар жайылып жүрді?**
- 17. Бұтада 3 раушан гүлі шешек атты. Бір күн өткеннен кейін, тағы 6 раушан гүлі шешек атты. Бұтада қанша раушан гүлі бар?**
- 18. Нағимада 5 құттықтау қағазы болды. Мерекеге оған тағы 4 құттықтау қағазын жіберді. Сонда Нағимада қанша құттықтау қағазы болды?**
- 19. Асланда 4 мультфильм таспасы болды. Оған тағы 2 таспа сатып алып берді. Асланда қанша таспа болды?**
- 20. Маршруттық таксиде 2 адам келе жатты. Аялдамадан тағы 8 адам отырды. Таксиде қанша жолаушы болды?**
- 21. Шабындықта 2 ешкі мен 7 қой жайылып жүр. Шабындықта қанша жануар жайылып жүр?**
- 22. 4 қызыл және 2 көк шар үрленді. Сонда барлығы қанша шар үрленді?**
- 23. 4 саңырауқұлақ өсіп шықты, содан кейін олардың қасынан тағы 5 саңырауқұлақ өсті. Сонда барлығы қанша саңырауқұлақ өсіп шықты?**
- 24. Сараға қуыршақтың 3 жиынтығын, ал Сәкенге машинаның 3 жиынтығын сатып әперді. Балаларға барлығы қанша ойыншық жиынтығы сатып алынды?**
- 25. Үстелдің үстінде 4 мандарин мен 3 апельсин болды. Үстелдің үстінде барлығы қанша жеміс жатты?**
- 26. Гүлбағында алдымен 6 түймедақ, сосын 3 көктікен өсіп шықты. Гүлбағында барлығы қанша гүл өсіп тұр?**

Мәтін есептерді шығару жолдары. Азайту

Қалдықты табуға берілген есеп

Мәликаның 8 қызғалдағы бар еді. Ол оның 5-еуін анасына сыйлады. Мәликада неше қызғалдақ қалды?




Болғаны – 8 қ.
Сыйлады – 5 қ.
Қалды – ? қ.

Шешуі: $8 - 5 = 3$ (қ.)
Жауабы: 3 қызғалдақ.

Азайғышты табуға берілген есеп

Автотұрақта бірнеше мәшине болды. Одан 2 мәшине шығып кеткеннен кейін, онда 10 мәшине қалды. Автотұрақта неше мәшине болған еді?




Болды – ? м.
Шығып кетті – 2 м.
Қалды – 10 м.

Шешуі: $2 + 10 = 12$ (м.)
Жауабы: 12 мәшине.

Азайтқышты табуға берілген есеп

Флягта 15 л сүт болған еді. Одан бірнеше литр сүтті бидонға құйып алғанда, 10 л сүт қалды. Бидонға неше литр сүт құйып алынды?



Болды – 15 л
Қалды – 10 л
Құйып алынды – ? л

Шешуі: $15 - 10 = 5$ (л)
Жауабы: 5 л сүт.

1. Мәликаның 9 дәптері болды. Ол бірнеше дәптерді жазып аяқтағанда, оның әлі, 5 дәптері қалды. Мәлика қанша дәптерді жазып бітірді?
2. Тәрелкеде 8 шабдалы болды. Бірнеше шабдалыны жеп қойған кезде, тәрелкеде 3 шабдалы қалды. Сонда қанша шабдалы желінді?
3. Дүкен сөресінде 10 қуыршақ тұрды. Бірнеше қуыршақты сатқаннан кейін, 5 қуыршақ қалды, қанша қуыршақ сатылды?
4. Жөндеу жұмыстарына 7 орама тұсқағаз сатып алынды. Бөлмені жабыстырып біткенде, 3 орама тұсқағаз қалды. Жөндеуге қанша орама тұсқағаз кетті?
5. Бау-бақшаны көгалдандыруға 9 көшет сатып алынды. 4 көшетті отырғызды. Отырғызуға қанша көшет қалды?
6. Орман алаңқайында 7 түлкі ойнап жүрді. Бірнеше түлкі қашып кеткен кезде, 2 түлкі қалды. Қанша түлкі қашып кетті?
7. Сауытта жаңғақтар жатты. Одан 5 жаңғақты алған кезде, 2 жаңғақ қалды. Сауытта қанша жаңғақ жатты?
8. Сауытта 6 жаңғақ жатты. Одан бірнеше жаңғақты алған кезде, 3 жаңғақ қалды. Сауыттан қанша жаңғақ алынды?
9. Сәнияның күнделігінде 3 «бес» деген баға тұрды. Сәния тағы бірнеше бестік алғаннан кейін, олардың саны 7 болды. Сәния тағы қанша «бес» алды?

- 10. 6 орындық сырланған болатын. Тағы бірнеше орындықты сырлаған кезде, олардын саны 10 болды. Тағы қанша орындық сырланды?**
- 11. Сыныпта 25 оқушы бар. Бірнеше бала ауырып калған кезде, мектепке 22 оқушы келді. Қанша бала ауырып калды?**
- 12. Әткеншекте 27 бала ойнап жүрді. Бірнеше бала түсіп кеткен кезде, әткеншекте 20 адам қалды. Әткеншектен қанша бала түсіп кетті?**
- 13. Автобуста бірнеше адам келе жатты. Автобусқа аялдамадан 11 адам мінген кезде, 33 адам болды. Автобуста бастапқыда қанша адам келе жатты?**
- 14. Автобуста 14 адам келе жатты. Аялдамадан бірнеше адам кіріп, автобустағы адамдардың саны 27 болды. Автобусқа қанша адам кірді?**
- 15. Мектеп маңайында 25 терек өсіп тұрды. Күзге қарай тағы бірнеше терек отырғызылғанда, олардың саны 40-қа жетті. Күзде қанша терек отырғызылды?**
- 16. Бөшкеде 50 шелек су болды. Одан суаруға бірнеше шелек су алған кезде, оның ішінде 30 шелек су қалды. Бөшкеден қанша шелек су алынды?**
- 17. Спортзалда 16 адам шынығып жатты. Тағы бірнеше адам келген кезде, онда 38 адам болды. Спорт залға қанша адам келді?**
- 18. Ләйлә түсіп қалған бірнеше жапырақты кептіріп қойды, оның 12-сін досына сыйлады. Бұдан кейін онда әлі 25 жапырақ қалды. Ләйлә қанша жапырақ кептірді?**
- 19. Тікұшақтан 12 адам шыққан кезде, оның ішінде 2 адам қалды. Тікұшақта қанша адам болды?**
- 20. 32 кг қиярды сатқаннан кейін, әлі 12 кг-ын сату қалды. Дүкеншіде қанша килограмм қияр болды?**
- 21. Монтер жөндеу үшін 42 метр электр сымын жұмсады. Оның әлі 18 метр сымы қалды. Монтерде қанша метр электр сымы болды?**
- 22. Гараждан 29 машина кеткен кезде, онда 11 машина қалды. Гаражда қанша машина болды?**
- 23. Аспанға 10 ұшақ көтерілді, ал аэродромда 17 ұшақ қалды. Аэродромда қанша ұшақ болды?**

Мәтін есептерді шығару жолдары. Артық/Кем

«... артық» қатынасына берілген есеп

Аулада 9 үйрек және одан 3-еуі артық балапандары жүр. Аулада неше балапан жүр?



– 9
– ? 3-еуі артық




Шешуі: $9 + 3 = 12$ (ү.)
Жауабы: 12 үйрек.

«... кем» қатынасына берілген есеп

Тәрелкеде 12 алма және одан 4-еуі кем алмұрт бар. Тәрелкеде неше алмұрт бар?



– 12
– ? 4-еуі кем




Шешуі: $12 - 4 = 8$ (а.)
Жауабы: 8 алмұрт.

Айырмалық салыстыруға берілген есеп

Үйрек 15 жыл, ал қаз 18 жыл жасайды. Қаз үйрекке қарағанда неше жыл артық жасайды?



– 15 жыл
– 18 жыл
? жыл артық




Шешуі: $18 - 15 = 3$ (жыл)
Жауабы: 3 жыл артық.

- Сауытта 5 қызыл және одан 2-ге көп жасыл алма бар. Сауытта қанша жасыл алма бар?
- Бірінші қатарда 7 көрермен, екіншіде одан 3 көрермен артық отырды. Екінші қатарда қанша көрермен отырды?
- Гүлбағында 7 түймедақ және одан 2-ге көп гүлкекіре өсті. Гүлбағында қанша гүлкекіре өсті?
- ! Автотұрақта «Нан» деген жазуымен 3 жүк көлігі және 5 жеңіл көлік тұрды. Автотұрақта қанша жеңіл көлік тұрды?
- Дәурен бірінші күні 5 түлкіжем саңырауқұлағын жинады, екінші күні майқұлақ саңырауқұлағының 4-уін артық жинады. Дәурен екінші күні қанша саңырауқұлақ жинады?
- Сәнияда 10 жабыстырма, ал Сәуледе 5 жабыстырмаға кем болды. Сәуледе қанша жабыстырма болды?
- Сары кесіндінің ұзындығы - 4 см, ал қызылдікі одан 5 см-ге артық. Қызыл кесіндінің ұзындығы қандай?
- Балабақшада үшдөңгелекті 8 велосипед бар, ал екідөңгелекті велосипед одан 4-ке кем. Балабақшада қанша екідөңгелекті велосипед бар?
- Бақшаның ұзындығы 6 метр, ал ені одан 2 метрге кем. Бақшаның ені қандай?

10. Апам 17 бәліш пісіргеннен кейін, оған тағы 4 бәліш пісіру қалды. Сонда апам қанша бәліш пісіреді?
11. Мектептің бірінші қабатындағы дәліздің ұзындығы 12 метрге тең, ал екіншісіндегі одан 5 метрге кем. Екінші қабаттағы дәліздің ұзындығы қандай?
12. Шаянның 10 аяғы, ал араның одан 4-ке кем аяғы бар. Араның қанша аяғы бар?
13. Бірінші үйде 90 терезе бар, ал екінші үйде одан 10 терезеге аз. Екінші үйде қанша терезе бар?
14. Бір машинамен бір күнде 40 т тыңайтқыш, ал екінші күні одан 15 т кем әкелінді. Екінші күні қанша тыңайтқыш әкелінді?
15. Бір қалада 24 кітапхана бар, ал басқа қалада одан 16 кітапханаға көп. Екінші қалада қанша кітапхана бар?
16. Бір қорапта 15 кг, екіншісінде одан 4 кг артық кәмпит бар. Екінші қорапта қанша кәмпит бар?
17. Балабақшаның бір тобында 27 бүлдіршін бар. Ал екіншісінде одан 3 бүлдіршінге аз. Екінші топта қанша бүлдіршін бар?
18. *Мерекеге 45 қызыл шар сатып алынды, көк шардың қызылдан 5-уі аз, ал жасылдың көктен 10-ы көп. Мерекеге қанша жасыл шар сатып алынды?
19. Құрылысқа 540 т цемент әкелді, ал құмды 120 т-ға аз әкелді. Құрылысқа қанша тонна құм әкелді?
20. Қаланың саябақ аумағына 745 ағаш отырғызылды, ал қала сыртына одан 250 ағаш артық егілді. Қала сыртына қанша ағаш егілді?
21. **Бірінші жиекке оқушылар 40 көшет, ал екіншіге 30 көшет отырғызды. Қай жиекке оқушылар көп көшет отырғызды және қаншаға көп?
22. **Айман 30 пішінді еске сақтаса, Сәуле 10 пішінді есіне сақтады. Сәуле Айманға карағанда қанша пішін кем есіне сақтады?
23. **Бассейнде таңертең 16 топ, ал кешке 10 топ шұғылданады. Кешкіге карағанда танертең қанша топ артық шұғылданады?
24. **Түске дейін балалар 30 көшет, ал түстен кейін 10 көшет кем суарды. Балалар түстен кейін қанша көшет суарды?
25. **Аспанға 10 ұшақ көтерілді және аэродромда 17 ұшақ қалды. Аспанға көтерілген ұшақтарға карағанда, аэродромда қанша ұшаққа көп қалды?

Қалдықты табуға берілген есеп

Бұтақта 9 құс қонып отыр еді. Оның 4-еуі ұшып кетті. Бұтақта неше құс қалды?



Болды – 9 қ.

Ұшты – 4 қ.


Қалды – ? қ.

Шешуі: $9 - 4 = 5$ (қ.)

Жауабы: 5 құс.

Қалдықты табуға берілген есеп

Қорапта 10 қарындаш бар еді. Одан 4 қарындаш алынды. Қорапта неше қарындаш қалды?



Болды – 10 қ.

Алынды – 4 қ.


Қалды – ? қ.

Шешуі: $10 - 4 = 6$ (қ.)

Жауабы: 6 қарындаш.

«... кем» қатынасына берілген есеп

Бір бұтақта 9 құс, ал екіншісінде одан 4-еуі кем құс қонып отыр. Екінші бұтақта неше құс қонып отыр?



1 б. – 9 қ.

2 б. – ? қ. 4-еуі кем

Шешуі: $9 - 4 = 5$ (қ.)

Жауабы: 5 құс.

1. Кішкене қыз екі күнде кітаптың 10 бетін оқып шықты. Бірінші күні ол 2 бет оқыды. Екінші күні ол кітаптың қанша бетін оқыды?
2. Сауытта 8 алма болды. 5 алманы жеп қойды. Сонда қанша алма қалды?
3. Оқушыға 6 есепті шығару керек. Ол 4-ін шығарды. Енді қанша есеп шығару қалды?
4. Екі күнде саяхатшы 8 км жол жүрді. Бірінші күні ол 5 км жүріп өтті. Саяхатшы екінші күні қанша км жол жүріп өтті?
5. Самат пен Берік көлден 10 мөңке балығын аулап алды. Берік 4 балық ауласа, Самат қанша балық аулады?
6. Ұя басқан тауықтың 7 балапаны бар. Оның 2-уі қара, ал қалғандары сары балапан. Сары түсті балапан қанша?
7. Отбасылық дәрігердің 9 емделушісі бар. Ол 6 емделушіге барып шықты. Дәрігерге қанша емделушіні қарап шығу қалды?
8. Аулада 8 бала ойнап жүрді. Олардың 4-уі ұл бала, қалғандары қыз бала. Ұл балалармен бірге қанша қыз бала ойнады?
9. Үстелдің үсінде 8 шыныаяқ тұрды. Олардың 2-уі сынып қалды. Қанша шыныаяқ қалды?
10. Еңбек сабағына деген жиынтықта әртүрлі 30 бет қағаз бар. Оның 12 беті ақ қағаз. Жиынтықта қанша бет түрлі түсті қағаз бар?

11. Үйдің төбесінде 19 көгершін ұшып жүрді. Олардың арасында 3 сұр, қалғандары ақ түсті көгершін болды. Қанша ақ түсті көгершін ұшып жүрді?

12. Кітаптың 30 беті бар. Катя оның 20 бетін оқыды. Оқып шығуға қанша бет қалды?

13. Сыныпта 15 бөлме өсімдігі бар. Кішкентай қыз 8 өсімдікті суарды. Оған тағы қанша өсімдікті суару қалды?

14. Шамтізбекте 70 шам бар. Олардың 35-і сары, қалғандары қызыл. Шамтізбекте қанша қызыл түсті шам бар?

15. Далада 100 жөке және үйеңкі ағашын отырғызды. Үйеңкі 30 түп болды. Ал жөке қанша түп болды?

16. Бір көшеде 56 үй тұр. Егер оның 18-і ағаш үй болса, тас үй қанша?

17. Бір күнде бекеттің жанынан 42 пойыз өтеді. Егер оның 37-сі тауар пойызы болса, жолаушы пойызы қанша болғаны?

18. Бау-бақшада 43 түп раушан гүлі бар, олардың 12-сі шай раушан гүлі. Қалған раушан гүлі қанша түп?

19. Саябақта 35 аттракцион бар, олардың 15-і ересектерге арналған. Балаларға арналған қанша аттракцион бар?

20. Ажардың дәптерінде 45 баға болды. Бес деген — 32 баға, қалғандары - төрт деген баға. Төрт деген баға қанша?

21. Үйге ағылшын тілінен 40 сөз жаттауға берілген болатын. Әлия тек 15 сөзін ғана жаттады. Әлияға әлі қанша сөз жаттау керек?

22. Автобуста 29 адам келе жатты. Аялдамада 15 адам шығып кетті. Автобуста қанша адам қалды?

23. Марат достарымен бірге қараторғайларға арнап 28 ұя жасады. Қараторғай ұясының 12-ін орнатты. Тағы нешеуін орнату қалды?

24. Сыныпта 36 оқушы бар. Концертке 17 оқушы қатысты. Қанша адам концертке қатысқан жоқ?

25. Мадияр 63 эскиздің суретін салды. Ол ең жақсы 25 суретті көрмеге апарды. Мадиярда қанша нобай қалды?

26. Сержанның анасы 8 самса пісірді. Сержан аулаға шығып, 5 самсаны достарына бөліп берді. Таңырқаған анасы қалған қанша самсаны көрді?


27. * Маратқа 30 жабыстырма сыйға тартты. Ол 13 жабыстырманы маңдайына жабыстырып алды. Альбомға жабыстыру үшін онда қанша жабыстырма қалды?

Бұл – құрама есеп. Ол екі амалмен шығарылады.

Айзеренің 12 жолды және 8 торкөз дәптері бар. Оның 6-уын ол інісіне берді. Айзереде неше дәптер қалды?



Болды – ? д., 12 жолды, 8 торкөз
Берді – 6 д.
Қалды – ? д.




Шарты. Айзеренің 12 жолды және 8 торкөз дәптері бар. Оның 6-уын ол інісіне берді.
Сұрағы. Айзереде неше дәптер қалды?

Шешуі: 1) $12 + 8 = 20$ (д.);
2) $20 - 6 = 14$ (д.).

Жауабы: 14 дәптер.

Балабақшаға 9 үстел және одан 11-і артық орындық әкелінді. Балабақшаға барлығы неше үстел мен орындық әкелінді?



Бұл – құрама есеп.

Шарты. Балабақшаға 9 үстел және одан 11-і артық орындық әкелінді.

Сұрағы. Балабақшаға барлығы неше үстел мен орындық әкелінді?

Шешуі: $(9 + 11) + 9 = 29$
(Үстел мен орындық.)

Жауабы: 29 үстел мен орындық.

1. Сыныпта ақ түсті гүлдерге арналған 5 құмыра бар, бұл қоңыр түстілерге қарағанда 3 құмыраға кем. Сыныпта қанша қоңыр түсті құмыра бар?
2. Бір қорапта 18 қарындаш бар, бұл екіншісіне қарағанда 6 қарындашқа кем. Бірінші қорапта қанша қарындаш бар?
3. Үлкен банкада 6 литр сүт бар, бұл кішкентай банкадағы сүтке қарағанда 3 литрге көп. Кішкентай банкада қанша литр сүт бар?
4. Бір батон нан 500 г тартады, бұл екіншіге қарағанда 200 г-ға ауырлау. Екінші батонның салмағы қандай?
5. Бір қойын дәптер 60 теңге, бұл басқасына қарағанда 20 теңгеге арзан тұрады. Басқа қойын дәптері қанша тұрады?
6. Үй иесі 7 кг қияр тұздады, бұл қызанаққа қарағанда 2 кг кем. Үй иесі қанша кг қызанақ тұздады?
7. Айзере 12 торкөз дәптер сатып алды, бұл кеңжол дәптерге қарағанда 5 дәптерге көп. Айзере қанша кеңжол дәптер сатып алды?
8. *Асқарда 53 белгі бар, бұл Болаттағыдан 13 белгіге көп. Болатта қанша белгі бар? 34. Қораптардың бірінде 12 кг кәмпит бар, бұл екіншісіне қарағанда 6 кг артық. Екінші қорапта қанша кәмпит бар

9. Қораптардың бірінде 12 кг кәмпит бар, бұл екіншісіне қарағанда 6 кг артық. Екінші қорапта қанша кәмпит бар?
10. Қораптардың бірінде 18 кг кәмпит бар, бұл екіншісінен 8 кг кем. Екінші қорапта қанша кәмпит бар?
11. Үй тауығы жылына 300 жұмыртқа табады, бұл дала тауығына қарағанда 270 жұмыртқаға артық. Дала тауығы қанша жұмыртқа табады?
12. *Мәрияш бір минутта 10 рет, ал Данияр одан 1 рет кем жымыды. Данияр қанша рет жымыды?
13. *Сарышымшық күніне 100 км ұшып өтеді, ал Мәрияш болса, түсінде одан 200 км-ге артық ұшады. Мәрияш түсінде қанша километр ұшып өтеді?
14. *Үстелдің үстінде 6 таза шай кесесі тұрды, ал таза емесі одан 1 -ге аз болды. Барлығы неше адам шай ішті?
15. Бір қорапта 12 кг кәмпит бар, бұл екіншіге қарағанда 6 кг-ға артық. Екі қорапта барлығы қанша кәмпит бар?
16. Бір қорапта 18 кг кәмпит бар, бұл екіншіге қарағанда 8 кг-ға аз. Екі қорапта барлығы қанша кәмпит бар?
17. Бір машинамен бір күнде 40 т тыңайтқыш тасымалдады, бұл екіншіге қарағанда 15 т-ға аз. Екі машинамен қанша тыңайтқыш тасымалданды?
18. Еңбек сабағына 10 беттен 4 бума түрлі түсті қағаз сатып алынды, бұл ақ түсті қағаздан 15 бетке көп. Қанша түрлі-түсті және қанша ақ қағаз сатып алынды?
19. Бір қалада 24 кітапхана бар, бұл екіншісіне қарағанда 5 кітапханаға көп. Екі қалада қанша кітапхана бар?
20. Үй иесі 17 кг қияр тұздады, бұл қызанақтан 12 кг-ға аз. Үй иесі қанша килограмм қияр мен қызанақ тұздады?
21. Дәния 32 торкөз дәптер сатып алды, бұл кеңжолға қарағанда 15 дәптерге көп. Дәния барлығы қанша дәптер сатып алды?
22. Асқарда 53 белгі бар, бұл Болаттікіне қарағанда 18 белгіге көп. Балаларда барлығы қанша белгі бар?
23. *Бау-бақшада 12 түп ақ раушан гүлі бар, бұл қызыл түстісіне қарағанда 3 түпке аз. Бау-бақшада барлығы қанша түп раушан гүлі бар?
24. *Бау-бақшада таңқурайдың 64 бұтасы бар, бұл қарлығанға қарағанда 35 бұтаға көп. Бау-бақшада таңқурай мен қарлығанның қанша бұтасы бар?

КӨБЕЙТУ және БӨЛУ

Элементтерінің саны бірдей жиындардың бірігуі. Көбейту

3 • 3 = 9

Бірінші көбейткіш Екінші көбейткіш Көбейтіндінің мәні

$3 \cdot 3 = 3 + 3 + 3 = 9$

Жиынды элементтерінің саны бірдей бөліктерге бөліктеу. Бөлу

6 : 2 = 3

Бөлінгіш Бөлгіш Бөліндінің мәні

$6 : 2 = 3$, $6 - 2 - 2 - 2 = 0$

Тең бөліктерге бөлу

6 : 3 = 2

Бөлінгіш Бөлгіш Бөліндінің мәні

$6 : 3 = 2$, $6 - 3 - 3 = 0$

Көбейту мен бөлу – өзара кері амалдар

көбейткіш 5 • көбейткіш 3 = көбейтіндінің мәні 8

көбейтінді

бөлінгіш 8 : бөлгіш 3 = бөліндінің мәні 5

бөлінді

Алдымен 5 ке дейінгі көбейту кестесін жаттап үйренеміз

×	2	3	4	5	6	7	8	9
2	4	6	8	10	12	14	16	18
3	6	9	12	15	18	21	24	27
4	8	12	16	20	24	28	32	36
5	10	15	20	25	30	35	40	45

$5 \cdot 2 = 10$ $10 : 5 = 2$ $10 : 2 = 5$

Есіңе сақта! Егер көбейтіндінің мәнін көбейткіштердің біріне бөлсе, онда екінші көбейткіш шығады.

$12 : 3 = 4$ $12 : 4 = 3$ $3 \cdot 4 = 12$

Есіңе сақта! Егер бөлінгішті бөліндінің мәніне бөлсе, онда бөлгіш шығады. Егер бөліндінің мәнін бөлгішке көбейтсе, онда бөлінгіш шығады.

КӨБЕЙТУ мен БӨЛУ-ге келетін мәтін есептер

Бір сөреде 3 кітап бар. Осындай 5 сөреде барлығы неше кітап бар?



1 с. – 3 к.
5 с. – ? к.

Шешуі: $3 \cdot 5 = 15$ (к.)

Жауабы: 15 кітап.

Бірнеше сөреде барлығы 15 кітап бар. Егер әр сөреде 3 кітаптан болса, онда неше сөре бар?

1 с. – 3 к.
? с. – 15 к.

Шешуі: $15 : 3 = 5$ (с.)

Жауабы: 5 сөре.

5 сөренің әрқайсысында бірнеше кітаптан бар. Егер барлығы 15 кітап болса, онда бір сөреде неше кітап бар?

5 с. – 15 к.
1 с. – ? к.

Шешуі: $15 : 5 = 3$ (к.)

Жауабы: 3 кітап.

1. Карусельдің 1 қайығына 6 адам отыра алады. Сонда 4 қайыққа қанша адам отырады?
2. Көйлектің 6 түймесі бар. Осындай 4 көйлекте қанша түйме бар?
3. Бір дәптер 8 теңге тұрады. Осындай дәптердің 5-і қанша тұрады?
4. Әрбір 5 тәрелкеде - 7 алмадан. Барлығы қанша алма бар?
5. Жұп-жұбымен 14 баланы сапқа тізіп қойды. Сонда қанша жұп болды?
6. Карусельдің 1 қайығына 6 адам сыяды. 24 адамды отырғызып қыдырту үшін қанша қайық керек?
7. Бір орамада а бума қағаз бар. Ал 3 орамада қанша бума қағаз бар?
8. Әр сынып бөлмесіне 3 орындықтан 12 жаңа орындық әкелді. Қанша сыныпқа жаңа орындық қойды?
9. 15 дәптерді 5 оқушыға тең таратып берді. Сонда әр оқушы қанша дәптерден алады?
10. Оқушыларға 10 дәптерді 2 дәптерден таратып берді. Дәптерге қанша оқушы ие болды?
11. Бір қорапта 8 қарындаш бар. Егер барлығы 24 қарындаш болса, қанша қорап сатып алынды?
12. Үш гүлшоғында 9 қызғалдақ бар. Егер әр гүлшоғында қызғалдақтар тең болса, бір гүлшоғында қанша қызғалдақ бар?

**Математикалық символдарды
қолданып, кестедегі көлденең және
тігінен орналасқан сандардан амалдар
құрастыр**

8	8	16	3	3	6	15	5	3	9	15	27
2	2	4	9	6	26	13	2	8	3	18	3
7	14	15	16	4	4	8	2	9	3	2	9
1	5	9	2	3	7	8	9	6	15	3	6
24	8	3	36	12	3	55	5	5	9	5	45
5	36	45	$3 \times 3 = 9$			8	9	6	36	32	45
25	36	8	3	8	5	7	9	6	5	6	7
12	3	4	2	5	4	9	36	12	3	24	5
1	9	8	7	6	5	4	3	2	5	6	7
13	27	12	9	11	9	13	33	10	8	18	35
10	9	11	12	9	6	3	5	7	6	32	4
3	18	1	3	2	3	10	28	3	2	2	31
1	8	3	6	5	7	6	9	2	3	5	6
10	8	6	3	7	9	5	9	8	4	1	2
11	12	9	48	6	13	14	11	10	7	6	4
10	3	6	9	8	7	8	12	3	7	6	4

Жұмбақ амалдарды орында

	×		=	8
×		×		
	+		=	5
=		=		
12		4		

	÷		=	6
÷		+		
	×		=	48
=		=		
5		13		

	÷	6	=	8
÷		×		
	×		=	
=		=		
12		24		

	÷		=	8
÷		×		
	+		=	16
=		=		
4		14		

	÷	8	=	
÷		+		
	÷	9	=	2
=		=		
4		17		

	÷	7	=	9
÷		+		
	×	9	=	
=		=		
21		16		

	×		=	30
×		÷		
8	+	2	=	10
=		=		
		3		

	÷		=	9
÷		×		
	×		=	21
=		=		
15		35		


	÷		=	9
÷		×		
	×		=	48
=		=		
6		32		





28	÷	2	=	
÷		×		
	×		=	
=		=		
4		18		

	×	6	=	
÷		÷		
3	×		=	6
=		=		
3				

3	×		=	
×		÷		
	÷	1	=	
=		=		
27		7		

**Көбейту кестесін тез жаттауға арналған тапсырмалар.
Құлптарын тауып көр!**





Есіңе сақта!

Көбейткіштердің орындарын ауыстырғаннан көбейтіндінің мәні өзгермейді.

$4 \cdot 3 = 12$ $3 \cdot a = a \cdot 3$

$3 \cdot 4 = 12$ $b \cdot 27 = 27 \cdot b$

$a \cdot b = b \cdot a$

Мұндағы a – кез келген сан.

Есіңе сақта!

Кез келген санды 1-ге көбейткенде (немесе бөлгенде) сол санның өзі шығады.

$1 \cdot 4 = 4$, өйткені $1 + 1 + 1 + 1 = 4$

$4 : 1 = 4$, өйткені $1 \cdot 4 = 4$

$a \cdot 1 = a$

Мұндағы a – кез келген сан.

$a : 1 = a$

Амалдардың орындалу ретіне қара. Қорытынды жаса. Өрнектерді оқы.

12 24 - 12 + 5 12 55 + 56 - 34 12 12 + (49 - 29) 12 (50 - 30) + 20	123 100 - 60 - 20 + 15 123 26 + 14 - 40 + 100 123 (50 + 25) - (66 - 34) 123 100 - (75 + 25) + 400	12 3 · 8 : 4 12 3 · 5 · 1 123 10 · 1 : 2 · 1 123 (40 : 8) · (24 : 3) 123 (10 : 2) · (9 : 1)	123 45 : 5 · 2 : 6 123 6 · 3 : 3 · 3 123 10 : 5 · 9 · 1 21 24 : (4 · 2)	213 300 - 200 · 1 + 400 123 45 : 9 · 3 + 10 132 (61 - 55) · (10 - 8) 231 30 : 1 · (42 - 36)
--	---	---	---	---

Көбейту кестесін жаттау бойынша ата-анаға кеңестер

- 1. Дауыстап оқу және кесте қалай құрылғанын түсіну.**
- 2. Іштей оқып, жауабымен бірге есте сақтауға тырысу.**
- 3. Жауаптарды жауып қойып, кесте бойынша өзін тексере отырып, жауаптарын еске түсіру.**
- 4. Жауаптары бойынша кестені еске түсіруге тырысу.**
- 5. Кестені әртүрлі амалдар бойынша оқу (қосу, арттыру, компоненттері атауларымен).**
- 6. Кестені бөліп-бөліп оқу.**
- 7. Көбейткіштер мен көбейтіндінің мәні арасындағы байланысты жақсы меңгеру.**
- 8. Өзара кері есептерді құра білу және бөлу кестесі бойынша азайту нәтижелерін тез табу.**
- 9. Көбейту кестесін және сәйкес бөлу амалдарын жатқа есте сақтау.**

Осымен Математиканың 1-ші бөлімі аяқталды. Тапсырмалар балаңыздың көңілінен шықты деген сенімдеміз.

Жаңа оқу жылында балаңызға үлкен сәттілік және жеңіс тілейміз! Зейіні ашылып, әрқашан қатарының алды болсын!



Біздің басқа да кітаптарымыз бен курстарымыз жайлы білгіңіз келсе **@simba.5plus** парақшасына жазылыңыз.